Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауынан үзінді, 1-тарау — Жаңа экономикалық саясат: ***«Мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру қажет. Басты басымдық сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасына берілуі тиіс, ең төмен бағаға емес».***

2022–2024 жылдар аралығында тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату және ашық конкурс тәсілдері арқылы сатып алынды. Алайда тәжірибе көрсеткендей, сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасы төмен болды. Бұл мәселені Мемлекет басшысы өз Жолдауында да атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің баға мен сапа арақатынасын қамтамасыз ету арқылы қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында, **«Жылу жүйесін ағымдағы жөндеу, құбырларды ауыстыру қызметтерін»** бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу тәсілімен өткізу туралы шешім қабылданды.

Директор **С.М.Құлдан**